

Оразақынқызы Ф.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: faridak09@mail.ru

**«БІР БЕЛДЕУ, БІР ЖОЛ» АЯСЫНДА
ҚАЗАҚ-ҚЫТАЙ ҮНТЫМАҚТАСТЫҒЫ**

Екі мемлекет арасындағы қатынастардың тарихы терең. Бүгінгі күні бұл қатынастар барлық бағыттар бойынша қарқынды дамуда. Қытаймен жан-жақты стратегиялық әріптестікті дамыту – Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып табылады. Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынастардың жаңа кезеңі екіжақты әрекеттесудің барлық салаларындағы жаңа жобалармен толыға түсуінде. Сондай жобалардың бірі ҚР Президенті Н. Назарбаевтың «Нұрлы жол» Жаңа экономикалық саясаты бастамасын және ҚХР төрағасы Си Цзиньпиннің – «Жібек жолының экономикалық белдеуі» және «XXI ғасырдағы Теңіз Жібек жолы» атты екі стратегиялық жобасын қамтитын «Бір белдеу, бір жол» бастамасы. Қарастырылып отырған жұмыста, аталмыш жобаның Қазақ-қытай ынтымақтастығына тигізер әсері баяндалған.

Түйін сөздер: «Бір белдеу, бір жол жобасы», Қазақстан, Қытай, әлемдік экономика.

Orazakynkyzy F.

Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: faridak09@mail.ru

**Kazakh-Chinese cooperation within the framework
of the project «One Belt, One Road»**

The history of relations between the two states is deep. Today, these relations are dynamically developing in all directions. The development of multilateral strategic partnership with China is one of the main priorities of Kazakhstan's foreign policy. A new stage of relations between Kazakhstan and China is full of new projects in all spheres of bilateral cooperation. One such project is the one belt one road initiative, which includes the initiative of the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev on the new economic policy of Nurlı Zhol and the two strategic projects of President Xi Jinping of China, the «Economic belt of the Silk Road» and the «Silk Road» in the 21st century. « This study shows the impact of this project on Kazakh-Chinese cooperation.

Key words: Project one belt one road, Kazakhstan, China, world economy.

Оразақынқызы Ф.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: faridak09@mail.ru

**Казахско-китайское содружество
в рамках проекта «Один пояс, один путь»**

Сегодня отношения между Казахстаном и Китаем динамично развиваются во всех направлениях. Рост многостороннего стратегического партнерства с Китаем является одним из главных приоритетов внешней политики Казахстана. Новый этап отношений между Казахстаном и Китаем полон новых проектов во всех сферах двустороннего сотрудничества. Одним из таких проектов является «Одна пояс, один путь», которая включает в себя инициативу Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева о новой экономической политике «Нурлы Жол» и два стратегических проекта президента Китая Си Цзиньпина «Экономический пояс Шелкового пути» и «Шелковый путь в 21 веке». В настоящем исследовании показано влияние этого проекта на казахстанско-китайское сотрудничество.

Ключевые слова: Проект «Один пояс, один путь», Казахстан, Китай, мировая экономика.

Кіріспе

«Бір белдеу, бір жол» стратегиясы ежелгі жібек жолын қазіргі заманға сай қайта жаңғыртып, жаңа дәуірлік сипат берді. Қытай елі үшін оның реформа мен ашық есік саясатын тіпті де тереңдетудің тамаша мүмкіндігі болып табылады. Сонымен қатар ол Еуразия одағына жаңа серпін береді, әлемдік дамуға жаңа жол ашады. «Ежелгі Жібек жолы» қытайдың өзге елдермен саяси-экономикалық қарым-қатынасының жалпы атауы болған. Олар: Батыс хан хандығының тұсында қалыптасқан «Солтүстік батыс жібек жолы»; ішкі Моңғол үстірті, батыс бағытта Тяньшань тауының солтүстігіне келіп қосылатын Орта Азияның «Сахара жібек жолы»; Шианнан Чындун арқылы Үнді еліне баратын «Оңтүстік батыс жібек жолы»; Қытайдың оңтүстік шығысынан басталып теңізді жағалай, Оңтүстік-Қытай теңізі арқылы, Тынық мұхитына, Үнді мұхитының, Парсы шығанағы, Африка, Еуропа елдеріне баратын «Теңіз жібек жолы», т.б. ғасырлар бойы әр елдің дипломатиялық миссиялары, керуені, саяхатшылары, ғалымдары, қолөнершілері осы «Жібек жолдары» бойымен өзара ғылыми, экономикалық және мәдени алмастыруларды жүзеге асырып, осы негізде Қытай, Үнді, Парсы, Араб өркениетінің өзара тоғысуы жүзеге асырылды.

Негізгі бөлім

«Бір белдеу, бір жол» стратегиясы Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңін қалыптастыру ісіне зор үлес қосты. Қазіргі кезде қытаймен қол жеткізген уағдаластықтар мен бірқатар өнеркәсіп орындарын Қазақстанға көшіру жөніндегі ұсыныс толық қарқынмен жүзеге асырылуда. Соның нәтижесі ретінде бүгінге дейін бірлескен индустриялық нысандар құру туралы 25 келісімге қол қойылды. Мемлекеттер арасындағы стратегиялық ынтымақтастықты нығайтуда «Нұрлы жол» және «Жаңа Жібек жолы» бағдарламалары жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. «Қазіргі уақытта Қазақстаннан Ресейге қарай автомобиль жолы, Иран арқылы Парсы шығанағына қарай теміржол салынды, Каспий теңізінде теңіз порты құрылды, Орталық Азияның барлық мемлекеттері Қорғас арқылы байланыстырылды.

Әлемдік экономика дағдарысты бастан өткеріп жатқан бүгінгі уақытта әлемдік қаржы институттарының инвестициялық мүмкіндіктері айтарлықтай азайды. Осындай жағдайда Қытай-

мен өзара іс-қимыл біз үшін күрделі кезеңді еңсерудің қолайлы мүмкіндігі болып саналады. Қытаймен бірге іске асырылатын ең ірі жобаларда Павлодар алюминий зауытының өндіріс қуатын 150 мың тоннаға жеткізу, Маңғыстау облысында мұнай-газ жабдықтарын шығаратын зауыт пен Қостанайдан қазақстандық брендті қалыптастыратын көлік зауыты құрылысын салу қарастырылады. Ал оңтүстік өңірлерге келсек, химиялық тыңайтқыштар өндірісі дамытылады. Осылайша, Қытай Қазақстан экономикасы мен өндірісіне 23 миллиард доллар көлемінде инвестиция салатын болды. «Қазақстан Темір жолы» жобасына салынатын қаражат – 600 миллион доллар. Әсіресе, «Қорғас-Шығыс қақпа» арнайы экономикалық аймақтағы логистикалық кешен мен индустриалдық алаңға қаражат молынан салынбақ.

Қазақстан тәуелсіздік алған кезеңнен кейін 20 жылдан бері жүргізіліп келе жатқан Қазақстан-Қытай қарым-қатынасы осылайша жемісті бола түспек. Бұған дейін энергетикалық және кен орындарына қатысты жобалар жүзеге асырылған болса, енді машина жасау саласына көбірек көңіл бөлінеді. Елбасы қатысқан кездесулерге қытайлық ірі компаниялар – Sinopac, CNPC, Huawei, Citic т.б. өкілдері атсалысты. Бұл Қазақстанға инвестиция салуға Қытайдың қаншалықты мүдделі екендігін аңғартатыны анық. Қытайлардың ең ірі энергетикалық компаниясы – CNPC биылдан бастап Қазақстан Президенті жанынан құрылған Шетелдік инвесторлар кеңесінің құрамына қабылданатын болды. Сонымен қатар аталған кәсіпорын Қазақстандағы мұнай-газ индустриясы үшін қажетті құбырларды шығаратын зауыт құрылысына 150 миллион доллар бөледі.

Бүгінде Қытай – Қазақстанның Ресейден кейін екінші ірі сауда серіктесі. Былтыр екі ел арасындағы сауда айналымы 17 миллиард доллардан асқан. Ең бастысы, қытайлармен арадағы сауда-экономикалық байланысты нығайту және ауқымын кеңейту экономикалық дағдарыстар салдарынан туындаған түйткілдерді оңтайлы шешуге сеп болмақ. «Қазір әлемдік экономика дағдарысқа тап болып, халықаралық қаржылық құрылымдардың инвестициялық мүмкіндіктері айтарлықтай азайды. Осы себепті, Қытаймен байланыс аса қиын кезеңнен сүрінбей өтуімізге көмектеседі. Ал негізгі шаруа 2016-2017 жылдардың үлесінде. Отандық өндірісті қарқынды дамытып, ел экономикасына ерекше серпін беретін жобалар 2018-2019 жылдары мәресіне жеткізілмек. Осының арқасында

ондаған мың жаңа жұмыс орындары салынады. Сонымен қатар жоғары технологиялар саласында да серіктестік орнатылады. Әсіресе, жоғары оқу орындарында және өндірісте заманауи техника мен технологияны қолданысқа енгізумен қатар, соларды жасау ісі де қолға алынбақ [1].

Қазақстан мен Қытай Азия мен әлемге жаңа мүмкіндіктер мен ынтымақтастыққа кеңістік, соның ішінде ең алдымен, Жібек жолы экономикалық белдеуі және Теңіз Жібек жолы ауқымында ынтымақтастық үшін кеңістік беру үшін бірлескен күш-жігерін жұмсайтын болады. Бұл жоба Қазақстан мен Қытай арасындағы саяси өзара іс-қимылды тереңдету, сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту, парламентаралық байланысты нығайту, мәдени қатынасты күшейту, сондай-ақ күн тәртібіндегі халықаралық және аймақтық деңгейдегі маңызды мәселелерді шешуде маңыздылығы жоғары. Сонымен қатар Қазақстан мен Қытай басшыларының саликалы саясатының арқасында жыл сайын нығайып келе жатқан достық, әріптестік, тату көршілік қарым-қатынасты нығайтады.

Қытаймен әрекеттесу Ұлы Жібек жолын жаңғырту бағытында жүзеге асу арқылы Қазақстанды транзиттік мемлекетке айналдыруға мүмкіндік береді.

Жібек жолы экономикалық белдеуі – бұл ондаған мемлекеттерді экономикалық дамуға біріктіретін жаһандық бастамалардың бірі болып, Ұлы Жібек жолының бастауында орналасқан Қазақстан, ең іскерлік, транзитті және логистикалық хабтардың біріне айналып, Еуропа мен Азияның арасындағы көпір болмақ.

БҰҰ жарғысында көрсетілген негізгі мақсаттар мен қағидаларын қатаң сақтайды. Бейбіт қатар өмір сүрудің бес қағидасын ұстанады, яғни ол дегеніміз әр мемлекеттің егемендігі мен аумақтық тұтастығын құрметтеу, бір-біріне шабуыл жасамау, ішкі істерге араласпау, бейбіт қатар өмір сүру, теңдік пен өзара тиімділік.

Ашық ынтымақтастықта табанды болу. «Бір белдеу, бір жол» жобасының көлемі тек ежелгі Жібек жолы бойына орналасқан елдермен ғана шектелмейді, өзге де елдер мен халықаралық, аймақтық ұйымдар да бұл жобаға қатысып, бірлікте құрудың жетістіктерін тіпті де кең көлемді жалпыластыруға толығымен құқылы.

Үйлесімділік пен қамқорлық қағидасына табанды болу. Өзге өркениетке түсіністік танытып, әр елдің таңдаған даму жолы мен үлгісін сыйлап, түрлі мәдениеттер ара диалогты күшейтіп, ұқсастықтарын тауып, өзгешеліктерді сақтап

қалу, бейбіт қатар өмір сүріп, бірлесе гүлденуге қол жеткізу керек.

Нарықтық операцияларды жүргізу. Нарық заңдары мен көпшілік мақұлдаған халықаралық ережелерді ұстану арқылы, нарықтың қорды бөлісудегі шешуші қызметі мен түрлі өндірістегі басты рөлін толыққанды жүзеге асырып, сонымен қатар үкіметтің маңызын аша түсу керек.

Өзара тиімділік және бірлікте жетістікке жетуге табанды болу. Әр жақтың мүдделері мен пайдасын естен шығармай, мүдде мен ынтымақтастықтың ортақ түйіскен нүктесін іздестіру, екі жақтың да ойы мен ынтасын жүзеге асыру жолында басшылардың барлығы қолынан келгенін жасап, әр жақтың артықшылықтары мен мүмкіндіктерін толық ашады.

«Бір белдеу, бір жол» жобасы бірлікте дамуды жүзеге асырып, өзара тиімді серіктестікті нығайту жолы, көпжақты қатынас аясында өзара сенімділікті, бейбітшілік пен достық байланысын күшейтетін жол. Қытай үкіметі, бейбітшілік және ынтымақтастық, ашықтық пен қамқорлық, өзара үйрену және өзара толықтыру, өзара тиімділік және бірлікте табысқа жету идеясын берік ұстанады, көпжақты қызметтік ынтымақтастықты дамыту, саяси өзара сенімділікке қол жеткізу, экономикалық біріккен, мәдениеті тоғысқан, тағдыры мен міндеті ортақ топ құру бастамасын ұсынып отыр.

«Бір белдеу, бір жол» жобасы Азия, Еуропа, Африка континенттеріне тарады, бір жағынан жанданған Шығыс Азия экономикалық шеңбері болса, екінші жағынан дамыған Еуропалық экономикалық шеңбер, ал ортасында, ішкі алып территорияның ұлттық экономикалық дамуының зор әлеуеті жатыр. Жібек жолының экономикалық белбеуі еш кедергісіз Қытайдан басталып, Орталық Азия, Ресейден өтіп, Еуропа континентіне (Балтық теңізі) дейін жетеді; Қытайдан Орталық Азия, Батыс Азияны кесіп, Парсы шығанағы, Жерорта теңізіне дейін жетеді; Қытайдан Оңтүстік – Шығыс Азия, Оңтүстік Азия, Үнді мұхитына дейін барады. 21 ғасыр теңіз Жібек жолының басты бағыттары – Қытайдың теңіз бойы айлақтарынан бастау алып, Оңтүстік теңізінен өтіп, Үнді мұхитынан ары қарай Еуропа құрлығына дейін жайылады; Қытайдың теңіз бойы айлақтарынан бастау алып Оңтүстік теңізінен өтіп Тынық мұхитының оңтүстік бөлігіне дейін жетеді [2].

«Бір белдеу, бір жол» жобасы бағытына сәйкес, құрлықта – халықаралық транзит жолдарына, белдеу бойындағы елдердің орталық қалаларына арқау етіп, басты сауда-эко-

номикалық индустриалды парктерді серіктестіктің тұғырнамасы етіп, жаңа Еуразиялық континенталдық көпірін, Қытай-Моңғолия-Ресей, Қытай-Орталық Азия-Батыс Азия, Қытай-Үндіқытай және т.б. халықаралық экономикалық ынтымақтастық дәліздерін бірлесіп құру; теңізде – басты айлақтарды қиылысу нүктесі етіп, бірлесіп қауіпсіз жоғары өтімділігі бар тиімді тасымал жолын салу. Қытай-Пәкістан, Бангладеш-Қытай-Үндістан-Бирма екі экономикалық дәліздер «Бір белдеу, бір жол» жобасын жүзеге асыру бастамасымен тығыз байланысты, ынтымақтастық одан ары дамытып, үлкен жетістіктерге жетпекші.

«Бір белдеу, бір жол» жобасы белдеу бойындағы елдерге ауқымды экономикалық ынтымақтастықтың жарқын болашағы болып табылады. Қатысушы елдер қол ұстаса құлшынуы, өзара тиімділікті басты назарға ала отырып, ортақ қауіпсіздік мақсатына жету жолында күресуі қажет. Аймақтық инфрақұрылым нысандарын жетілдіруді қарқынды жүзеге асыру, қауіпсіз де тиімділігі жоғары құрлық, теңіз және әуе жол тармақтарының қалыптастыру жолында күш салуы керек, сонда ғана, өзара байланыс пен тұтастық жаңа деңгейге көтерілетін болады; сауда инвестицияны жеңілдету деңгейін көтеріп, жоғары өлшемді еркін сауда аймағының негізі салынып, экономикалық байланыс нығайып, саяси тұрғыдағы өзара сенімділік одан бетер тереңдейтын болады; мәдени ынтымақтастық аясы кеңейіп, түрлі өркениеттің өзара бірін-бірі толықтырып, бірлікте гүлденіп, елдер халқы бірін-бірі тани бастап, бейбіт қарым-қатынас орнататын болады.

«Бір белдеу, бір жол» стратегиясының ынтымақтастық басымдықтары. Белдеу бойында орналасқан елдердің табиғи қоры әр алуан, экономикасы өзара толасымды, өзара ынтымақтастық мүмкіншіліктері мен кеңістігі кең. Саяси байланыс, инфрақұрылымдық байланыс, еркін сауда, қаржыландыру, халықтар өзара тату қарым-қатынас сынды мәселелер басты тақырып ретінде қарастырылған, ендігі басты мәселе төменде көрсетілген бағыттарда ынтымақтастықты нығайту болып табылады.

Саяси байланысты күшейту «Бір белдеу, бір жол» жобасын жүзеге асырудың басты кепілі. Үкіметаралық ынтымақтастықты нығайтып, көп деңгейлі үкіметаралық макросаяси байланыс механизмін белсенді қалыптастырып, мүдделік тоғысуларды тереңдетіп, саяси тұрғыдан өзара сенімділікті дамытып, ынтымақтастықтың жаңа танымына қол жеткізу керек. Белдеу бой-

ында орналасқан елдер экономикалық даму стратегиясы мен жауапты шаралар қолдану бағыттарын сәйкестендіру арқылы, аймақаралық ынтымақтастықты дамыту жоспары мен шараларын бірлікте жүзеге асырып, ынтымақтастыққа қатысты мәселелерді келіссөздер жүргізу арқылы шешіп, нақты ынтымақтастық пен ауқымды жобаларды жүзеге асыру жұмыстарына саяси тұрғыдан қолдау көрсету керек [3].

Инфрақұрылымдық байланыс. Инфрақұрылым объектілерінің өзара байланысы «Бір белдеу, бір жол» жобасының басты жүзеге асу аясы болып табылады. Мемлекет егемендігін құрметтеу мен қауіпсіздікті сақтау негізінде белдеу бойында орналасқан елдер инфрақұрылымдық объектілердің құрылысын жоспарлауды, технологиялық стандарттар жүйесінің байланысуын күшейтіп, халықаралық тасымал жолдар қаңқасын бірлікте құрастыру жұмыстарын жүргізіп, біртіндеп Азия аймақтары және де Еуразия мен Африка арасындағы инфрақұрылым объектілері желісін біріктіруді жүзеге асыру керек. Инфрақұрылым объектілерін жасау барысында көміртегі мөлшерін төмендетіп экологияны тазарту және шаруашылық қызметті басқаруды күшейту, жобаны жүзеге асыру барысында климаттық өзгерістерге ықпал ететін жағдайларды толық қарастыру талап етіледі.

Көлік жолдары инфрақұрылым нысанының негізгі транзиттік жолдарын, басты тармақтары мен жобаларын қолға алып, ең бастысы жетіспейтін жол бөліктерін жалғап, жолдардың тар бөліктерін кеңейтіп, кешенді тәсілдер қолдану арқылы жол қозғалысы қауіпсіздігі амалдары мен көлік легін басқаратын құрылғыларды жетілдіріп, жолдың қатынау деңгейін жоғарылату қажет. Бүкіл жүк тасымалын бірыңғай үйлестіру механизмін жетілдіру, халықаралық кедендік рәсімдеу, жүкті қайта тиеу, интермодальдық органикалық сілтемесі, біртіндеп стандартты көлік регламенттерін қалыптастыру, халықаралық жүк тасымалын оңтайландыруды жүзеге асыру қажет. Порт инфрақұрылымын дамыту, құрлықтық және теңіз біріккен тасымал жолдарын іске қосу, порттар ынтымақтастық құрылысын дамыту, Теңіз бағыттар мен жұмыс кестелерін көбейту, теңіз логистика ақпарат әріптестікті күшейту керек. Ұлттық авиация кешенді ынтымақтастық тетіктері мен құрылымдарын кеңейтіп, авиация инфрақұрылымы деңгейін жоғарылатуды тездету керек.

Энергетикалық инфрақұрылымды бір-біріне тұтастыруға бағытталған ынтымақтастықты

күшейту, мұнай, газ құбыры, және т.б. тасымал жолдарының қауіпсіздігін бірлесіп қорғау, трансшекаралы электр қуаты мен электр қуатын тасымалдау жолын салуды қолға алып, аймақтық электр желілерін жаңарту жолындағы ынтымақтастықты барынша дамыту қажет [4].

Трансшекаралық оптикалық-талшықты кабель және т.б. магистралды байланыс жол тораптарын салуды ортақ жүзеге асыру, халықаралық байланыстағы өзара қол жетімділік деңгейін көтеру, Жібек жолын еркін ақпараттандыру. Екі жақты трансшекаралық оптикалық-талшықты кабель және т.б. салу жұмыстарын тездету, құрылысқаралық су асты кабелін салу жобасын жоспарлау, әуе ақпарат жолдарын (жасанды серік) жақсартып, ақпарат алмасу мен ынтымақтастық аясын кеңейту.

Еркін сауда. Сауда мен инвестиция ынтымақтастығы «Бір белдеу, бір жол» жобасының басты мазмұны. Сауда мен инвестицияның дамуы мәселесін шешу үшін жан-жақты зерттеулер жүргізілуі қажет, инвестиция мен сауда шектеулерінен толық арылып, аймақ ішінде және әр елде қолайлы кәсіби ортаның негізін қалап, белдеу бойында орналасқан елдермен бірлесе ауқымды еркін сауда аймағын құрып, ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктерін ашып, ынтымақтастықтың «тортын» әрі үлкен әрі сапалы етіп дайындау қажет.

Белдеу бойындағы елдердің ақпарат алмасу, нормативтік өзара мойындау, Құқығын қорғау және өзара көмектесу негізіндегі кедендік ынтымақтастығын, сондай-ақ, инспекция және карантин, сертификаттау және аккредиттеу, стандарттар және метрология, статистика, және т.б. жөніндегі екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты күшейту. ДСҰ «Сауда процедураларын жеңілдету туралы келісімнің» күшіне ие болу мен атқарылуын жеделдету керек. Кедендік рәсімдеу нысандарының жағдайын оңалтып, кедендік рәсімдеуде «Бір терезе» саясатын тездетіп жүзеге асырып, рәсімдеу шығындарын азайтып, әлеуетін арттыру қажет. Жеткізу тізбегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жеңілдету әріптестігін күшейтіп, «Үкілетті кәсіпкерлерді» өзара таныстыру қажет. Кедендік тарифке жатпайтын кедергілерді (Non-tariff barrier) төмендетіп, техникалық сипаттағы сауда амалдарының ашықтық деңгейін жоғарылатып, сауданы ырықтандыру мен жеңілдету деңгейін көтеру керек [5].

Сауда жасау аясын кеңейтіп, сауда құрылымын жақсартып, сауда көлемін ұлғайтудың жаңа факторларын іздестіріп, үйлесімді түрде

дамыту. Трансшекаралық электрондық коммерцияны дамыту сынды сауданың инновациялық тәсілдерін жасау. Қызмет көрсету бизнесін дамыту жүйесін құру және жетілдіру, дәстүрлі сауданы бекемдеу және кеңейту, заманауи сауданы қарқынды дамыту қажет. Инвестиция мен сауданы толыққанды біріктіру, инвестицияны сауданы дамытудың қозғаушы күші ретінде пайдалану керек.

Инвестицияға қолдау көрсету үрдісін жылдамдату арқылы, сауда кедергілерін жою қажет. Екіжақты инвестицияны қорғау келісімшартын күшейтіп, қосарланған салық салуды болдырмау келісімшартын талқылап, салымшының заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау керек.

Сәйкесті инвестицияның аясын кеңітіп, Ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы, мал шаруашылығы және балық шаруашылығы, Ауыл шаруашылығы жабдықтарын және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу салаларындағы ынтымақтастықты дамытып, теңіз өнімдерін өсіру, шалғай теңіз балық шаруашылығы, су өнімдерін қайта өңдеу, теңіз суын тұщыту, Теңіз био фармацевтикасы, теңіз құрылыс технологиясы, қоршаған ортаны қорғау мен теңіз туризм салаларындағы әріптестікті белсенді дамыту керек. Көмір, мұнай және газ, металл кендері сынды дәстүрлі энергия ресурстарын барлау және игеру саласындағы ынтымақтастықты арттыру, ГЭС, ядролық энергетика, жел, күн энергиясы сынды экологиялық таза, жаңартылатын энергия саласындағы ынтымақтастықты дамыту, энергия және ресурстарды жергілікті орында өндіру және өңдеу саласындағы ынтымақтастықты тереңдету, энергетика және ресурстар ынтымақтастығының жоғары және төмен салалық тізбекті интеграциясын қалыптастыру. Энергия ресурстарын қайта өңдеу технологиясын жақсарту, жабдық және инжинирингтік қызметтер ынтымақтастығын күшейту керек.

Өнеркәсіптің жаңа салаларында ынтымақтастықты дамытып, артықшылықтарын өзара толықтырып, өзара тиімді және жетістікке бірлесе жету қағидалары бойынша, белдеу бойындағы елдерде жаңа буын ақпараттық технологиялар, биология, жаңа энергетика, жаңа материалдар сынды жаңа өнеркәсіптер аясындағы ынтымақтастықты одан әрі тереңдетіп, кәсіп ашу және инвестициялық ынтымақтастық механизмін құру керек.

Өнеркәсіптік тізбек бөлімшесі орналасуын оңтайландыру, жоғары және төмен өнеркәсіп тізбегі мен байланысты салаларды бірлесіп

дамытуды ілгерілетіп, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық, өндіріс және маркетинг жүйелерін құруға қолдау көрсетіп, аймақтық өнеркәсіпті қолдау әлеуетін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру керек. Өзара ашық қызмет көрсету салаларының көлемін кеңейтіп, аймақтық қызмет көрсету салаларының қарқынды дамуын жүзеге асыру. Инвестициялық әріптестіктің жаңа үлгілерін зерттеп, сыртқы сауда-экономикалық ынтымақтастық аймақтары мен трансшекаралық экономикалық ынтымақтастық аймағы сынды түрлі индустриялық парктерді құруға қолдау көрсетіп, индустриялық кластерлерді дамыту ісін жеделдету керек. Инвестиция және сауда саласында экологиялық өркениет тұжырымдамасын тіпті де көрнекілендіріп, экологиялық орта, биоалуантүрлілік пен Климаттың өзгеруіне қарсы тұру жақтарындағы ынтымақтастықты күшейтіп, Жасыл Жібек жолын бірлесе құру көзделген.

Қытай шетелдік кәсіпорындардың Қытайға инвестиция салуын қос қолдап құптады. Ел ішіндегі кәсіпорындардың да белдеу бойындағы елдердің инфрақұрылым және индустриялық, инвестициялық жобаларға қатысуына қолдау көрсетеді. Аумақтық басқару принципі бойынша кәсіпорындарды басқаруды дамытып, жергілікті экономиканың дамуына қолдау көрсетіп, жұмыспен қамтуды, халықтың тұрмыс деңгейін жақсарту, әлеуметтік жауапкершілікті саналы түрде арқалау, биоәртүрлілік пен экологиялық ортаны барынша қорғау қажет [6].

Қаржыны тоғыстыру «Бір белдеу, бір жол» жобасын жүзеге асырудың басты тірегі. Қаржы саласындағы ынтымақтастықты тереңдету, Азияның валютаны тұрақтандыру жүйесін дамытып, қаржылық инвестиция жүйесі мен несие жүйесін құру керек. Қатысушы елдердің екіжақты ұлттық валюта айырбасын, есеп-қисап теңгерімінің деңгейі мен көлемін арттыру. Азияның облигациялар нарығының ашықтығы мен дамуына үлес қосу. Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі, БРИКС елдер тобының даму банкі, және т.б. салуды берлесе ілгерілету, мүдделі елдердің ШЫҰ маңында қаржы институттарын дамыту кеңесін құру. Жібек жолы қорын құру жұмыстарын тездету. Бірлестірілген кредит, банктік кредит желісі, және т.б. амалдар арқылы көпжақты қаржылық қатынасты дамыту үшін, Қытай – АСЕАН банктері ассоциациясымен, ШЫҰ банктері ассоциациясымен нақты іскерлік ынтымақтастықты тереңдету. Белдеу бойындағы елдердің үкіметі мен кредиттік рейтингі біршама жоғары кәсіпорындар,

және де қаржылық мекемелердің Қытай территориясында қытайлық юань облигациясын таратуына қолдау көрсету керек. Қытай территориясындағы талапқа сай қаржылық мекемелер мен кәсіпорындар елден тыс аймақтарда қытайлық юань мен шетелдік валюта облигацияларын шығарып, белдеу бойында орналасқан елдерде таратқан облигацияларын қолдануына дем беру керек.

Қаржылық бақылау саласындағы ынтымақтастықты нығайту, екіжақты өзара түсіністік меморандумына қол қоюға септігін тигізіп, біртіндеп аймақта аса тиімді басқарудың үйлестіруші механизмін құрады. Қауіп-қатерге төтеп беру және дағдарысты реттеудің институционалды тетіктерін жақсартып, аймақтық қаржы дағдарысын алдын ала ескерту жүйесінің негізін салып, трансшекаралық қауіпке төтеп беру мен дағдарысты реттеудегі өзара серіктестік механизмін қалыптастыру. Кредит басқармасы, кредит мекемесі мен рейтингтік агенттік арасындағы трансшекаралық байланыс пен ынтымақтастықты күшейту. Жібек жолы қоры мен әр елдің тәуелсіз қорларының рөлдерін толық жүзеге асырып, акционерлік инвестициялық қорлар мен әлеуметтік қорларды бірлесіп «Бір белдеу, бір жол» жобасының негізгі жобаларын жүзеге асыруға қатысуға бағыттау.

Қорытынды

Халықтар байланысы «Бір белдеу, бір жол» жобасының ұлттық негізі. Жібек жолы бойындағы достық ынтымақтастық рухын сақтап, оны ары қарай жалғастыру, мәдени, ғылыми байланысты, білікті мамандармен алмасу ынтымақтастығын, бұқаралық ақпарат құралдарының бірлесе жұмыс атқаруын, жастар мен әйелдер өзара байланысын, еріктілер қызметі және т.б. ынтымақтастық аясын кеңейтіп, көпжақты ынтымақтастықты тереңдету мақсатында қоғамдық пікірдің мықты іргетасын қалау [7].

Студенттерді алмасып оқыту көлемін кеңейту, білім саласындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында Қытай жыл сайын белдеу бойындағы елдерге 10 мың орын мемлекеттік шәкіртақы тағайындайды. Белдеу бойындағы елдер ара мәдениет жылы, өнер фестивалі, кинофестиваль, теледидар апталығы, кітап көрмесі және т.б. іс-шаралар ұйымдастырады. Радио, телевидения саласындағы үздік туындыларды көптеп аударып тарату және құнды мәдени жәдігерлерді әлемдік деңгейге көтеруге бірігіп ұсыныс беріп, бірлесе қорғау үдерісін дамытады.

Белдеу бойындағы мемлекеттер ара білікті мамандармен алмасу ынтымақтастығын күшейту керек.

Туризм саласындағы ынтымақтастықты күшейтіп, туристік аумақты кеңейтіп, туризмді дамыту апталығы, туризмді насихаттау айы сынды іс-шараларды ұйымдастырып, Жібек жолы ерекшелігіне ие халықаралық танымал турлар мен туризм өнімдерін бірлесе жасап, белдеу бойындағы елдерде туристік виза мәселесін жеңілдету керек. ХХІ ғасыр теңіз Жібек жолы круиздік кеме туризмі ынтымақтастығын дамыту. Спорт саласындағы әріптестік шараларды көптеп ұйымдастырып, белдеу бойындағы елдердің Ірі халықаралық спорттық іс-шаралар өткізуге мүмкіндік алуына қолдау көрсететін болады.

Көрші елдер арасында жұқпалы аурулар туралы ақпарат алмасу, алдын алу және емдеу технологиясымен алмасу, мамандарды тәрбиелеу тараптарындағы ынтымақтастықты күшейтіп, қоғамдық денсаулық сақтау төтенше жағдайларды ынтымақтаса отырып шешу әлеуетін арттыру керек. Медициналық көмек пен төтенше медициналық көмекке мұхтаж елдерге көмек көрсетіп, ана мен бала денсаулығы, мүгедектерді оңалту, сондай-ақ, ЖҚТБ, Туберкулез, безгек сынды басты жұқпалы аурулар саласындағы прагматикалық ынтымақтастықты күшейтіп, дәстүрлі медицина саласындағы ынтымақтастықты кеңінен қанат жайдыру керек.

Ғылым және технология ынтымақтастықты күшейтіп, бірлескен зертханалар (зерттеу орталықтары), халықаралық технологиялар трансферті орталығы, теңіз ынтымақтастық орталықтарын құрып, ғылыми-техникалық кадрлар алмасуды дамытып, ірі ғылыми және техникалық мәселелерді шешу жұмыстарын бірлесе өрістетіп, бірлесіп ғылыми-технологиялық инновациялық қабілетін арттыру қажет.

Қолданыстағы ресурстарды реттеу, белдеу бойындағы елдерде жастарды жұмыспен

қамту, кәсіпкерлікке баулу, кәсіби дағдыларын дамыту, әлеуметтік қауіпсіздік басқару қызметтері, Мемлекеттік басқару, және т.б. сынды ортақ қызығушылық тудыратын салаларда прагматикалық ынтымақтастықты қарқынды дамыту керек.

Саяси партиялар мен парламенттік байланыстардың көпірлік ролін толығымен сәулендіріп, белдеу бойындағы елдер арасындағы заң шығарушы мекемелер, негізгі партиялар мен саяси ұйымдар арасындағы достық байланысты күшейту қажет. Қалалар арасындағы ынтымақтастықты өріс алдырып, белдеу бойындағы басты қалалар арасындағы достық қатынас орнатуға қолдау көрсетіп, адамзаттық мәдени байланысты негіз еткен, төтенше прагматикалық ынтымақтастық арқылы ынтымақтастықтың одан да көп жарқын мысалдарын қалыптастыру мақсат етіледі. Белдеу бойындағы елдер арасында бірлескен зияткерлік зерттеулер мен ынтымақтастық форумдарын ұйымдастыруды құптайды[8].

Белдеу бойындағы елдерде қоғамдық ұйымдар арасындағы алмасу мен ынтымақтастықты күшейтіп, негізгі сатыдағы бұқараға басты назар аударып, медициналық білім беру, кедейлікті жою, биоәртүрлілік пен экологиялық ортаны қорғау салаларында түрлі қайырымдылық іс-шараларын көптеп ұйымдастырып, белдеу бойындағы елдердегі кедей аймақтардағы тұрмыс деңгейінің көтерілуіне септігін тигізу қажет. Мәдениет бұқаралық ақпарат құралдарында халықаралық алмасулар және ынтымақтастықты нығайту, интернеттік платформаларды белсенді пайдалану, жаңа медиа құралдарын қолдану, Үйлесімді және берекелі мәдени экология және жарасымды қоршаған орта жаратуға күш салу керек.

Научный проект МОН РК: Распространение опыта модернизации независимого Казахстана в странах зарубежного Востока: лингвокультурологические и переводческие аспекты».

Әдебиеттер

哈力别克.哈山. 浅议丝绸之路经济带及其中重要意义. 新疆社会科学. 2014年03期.1页.

Қытай және Орта Азия елдері Жібек жолы экономикалық белдеуін құрудың жобасы жөнінде ой тоғыстырды / Қытай тілінен ауд. М. Сағданқызы // Көрші. – 2014. – № 1. – 22-28 бб.

Амалбек Б. «Жаңа Жібек жолы» – ұлы жоба // Егемен Қазақстан. – 2014. – 30 тамыз, № 169. – 5 б.

Айтжанова А. Қазақ-Қытай қарым-қатынасының өркендеуіне тың серпін берген – жаңа Жібек жолы // Фараби әлемі: тезисы междунар. науч. конф. студентов и молодых ученых (13-16 апреля 2015 г.). – Алматы, 2015. – 5-6 б.

Ұлы Жібек жолының тарихы // Шәлекенов У.Х. Ғылыми еңбектер: Үш томдық. – Алматы, 2014. – 1-т.

Мандхай Э. Ұлы Жібек жолының тарихи-географиялық маңызы // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Жаратылыстану-география ғылымдары сериясы. – 2007. – №1. – 43-46 бб.

Сәнік З. Дала Жібек жолы: Жібек жолы мәдениетінің ішкі Қытайға, қазақ халқына ықпалы / Арабша төте жазудан ауд. Н. Қазыбекұлы // Жалын. – 2004. – № 7. – 43-46 бб.

Қанахина С.Т. Ұлы Жібек жолы – қазақ халқының рухани байлығының түп тамыры // Кітапханатану. Библиография. Кітаптану: Мақалалар жинағы. – Алматы, 2008. – 19 шығарылым. – 45-53 бб.

Әуезов М. Ұлы Жібек жолының мәдени дәстүрлерінің жаңғыруы // Дипломатия жаршысы = Дипломатический курьер. – 2005. – № 4. – 78-79 бб.

References

哈力别克.哈山. 浅议丝绸之路经济带及其中重要意义. 新疆社会科学. 2014年03期.1页.

Kitay jane Orta Azya elderi Jibek joly ekonomikalik Jibek joli ekonomikalik beldeuin kurudin jobasi joninde oi togistirdi / Kitay tilinen aud. M. Sagdankyzy // Korshi Көрші. – 2014. – № 1. – 22-28 бб.

Amalbek B. «Jana Jibek Joly» – uli joba // Egemen Kazakhstan. – 2014. – 30 tamiz, № 169). – 5 b.

Aytjanova A. Kazak-Kitay karim-katinasynyn orkenduine tyn serpin bergen – jana Jibek joly // Farabi alemi: tezisi medunar. nauch.konf. studentov I molodih uchenih (13-16 aprelya 2015 r.). – Almaty, 2015. – 5-6 b.

Uli Jibek jolynin tarihi // Shalekenov U. Kh. Gilimy enbekter: Ush tomdik. – Almaty, 2014. – 1-t.

Mandhay E. Uli Jibek jolynin tarihi-geographyalik manyzy // Abay atindagi KazUPU – din Habarshi. Jaratilistanu-geography gylymdary seryasi. – 2007. – №1. – 43-46 бб.

Sanik Z. Dala Jibek joly: Jibek joly madenyetinini ishki Kitayga, kazak halkina ikpali / Arapsha tote jazudan aud. N. Kazybekulu // Jalyn. – 2004. – № 7. – 43-46 бб.

Kanahina S.T. Uli Jibek joly- kazak halkynyn ruhani bayliginin tup tamiri // Kitaphanatanu. Bibliographya. Kitaptanu: Makalalar jinagi. – Almaty, 2008. – 19 shygarylim. – 45-53 бб.

Aueзов M. Uli Jibek jolynyn madeni dasturlerinini jangirui // Diplomatyа jarshisi = Diplomateskii kurer. – 2005. – N 4. – 78-79 бб.